



Ж У Р Н А Л

№ 50 (5185) сенбі

11 желтоқсан 2010 жыл

Газет 1963 жылдан бастап шығады

Аудандық қоғамдық саяси газеті



ПРЕЗИДЕНТ

ТРИУМФ ВСЕГО НАРОДА

Глава государства Нурсултан Назарбаев в Акорде провел совещание по итогам успешного завершения Саммита глав государств ОБСЕ в Астане, прошедшего 1-2 декабря 2010 года, сообщает пресс-служба Президента РК. В ходе совещания Глава государства Нурсултан Назарбаев поздравил всех казахстанцев с успешной организацией и проведением саммита ОБСЕ.

- Итоги саммита имеют стратегическое значение для страны, - сказал Глава государства.

- Во-первых, мы укрепили внешнеполитические основы нашей независимости. Во-вторых, саммит стал вершиной нашего председательства в ОБСЕ. В-третьих, мы доказали, что можем решать задачи по проведению крупнейшей международной конференции на уровне. В-четвертых, наше общество продемонстрировало зрелость, единство и сплоченность. В-пятых, наша Астана стала в один ряд с известными городами Европы, которые были хозяевами проведения саммитов ОБСЕ: Хельсинки, Париж, Будапешт, Лиссабон, Стамбул. Проведение саммита стало триумфом всего казахстанского народа, свидетельством его единства, устремленности в будущее.

Жол картасы -2010

Басты мерекеге тарту

Еліміз тәуелсіздігін алған уақыттан бері жеткен жетістіктері мен алған асулары аз емес. Басқасын айтпағанда Елордасы - Астанада өткен Саммит сарабал сананың салтанатына, еліміздің кемелденуінің келісті көрінісіне айналып, Елбасының ерен еңбегін дүние дидарына таныта түскені бір ерекше жетістік емес пе!

Әлемнің көптеген елдермен дипломатиялық қарым-қатынас орнатылып, алыс-беріс пен барыс-келіс нығайтып, көптеген ұлттар мен ұлыстарға құтты мекен болған киелі де құтты қазақ жері осымен он тоғызыншы рет Тәуелсіздік мерекесін атап өткелі отыр. Шынында да әлемнің қай елін алып қарасақ та дәл осы Қазақстандай көп ұлтты, көп конфессиялы емес. Ал осындай мәселелерге қарамастан КСРО ыдыраған тұста халық сенімінен шығып, елге басшылық жасаған Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев барлық қазақстандықтардың басына қайтсем де құт-береке орнатамын, қайткен күнде де халқымды тығырықтан алып шығамын деген сенімінің арқасында біз бүгінде осындай деңгейге жеттік. Осындай ауқымды істердің басы - қасында жүрген Нұрсұлтан Әбішұлы өз халқының да жағдайын бір сәтке болса дағы ұмытқан емес.

Осы мақсатта жыл сайын Президентіміз Қазақстан халқына жолдау арнап, сол жолдаулары халықтың мұң-мұқтажымен үні үндес, мұңы мұңдас шығып келеді. Нұрсұлтан Әбішұлының биылғы жылғы «Жаңа онжылдық - жаңа экономиткалық өрлеу - Қазақстанның жаңа мүмкіндіктері» атты жолдауының «Адам - елдің басты байлығы бөлімінде «Елді жаңғырту стратегиясын іске асырудың табыстылығы, ең алдымен, қазақстандықтардың біліміне, әлеуметтік және дене болмысына, көңіл күйлеріне байланысты» деген болатын.

Осыған байланысты биылғы жылы Нұра ауданының Изенді ауылында Мәдениет үйі күрделі жөндеуден өтті. Жол картасы бойынша республикалық бюджеттен бұл ғимаратқа 26,4 млн теңге бөлініп, игерілді. Бірнеше жылдан бері пайдалануға келмей қаңырап тұрған ғимаратты халық игілігіне пайдалану үшін ауыл тұрғындары аудан әкімінің тұрғындармен кездесулерінде сұрақ көтерген болатын. Аудан әкімі С.Шайдаров тұрғындардың өтінішін жерге тастамай, бұл объектіні іске қосуды биылғы жылдың Жол картасына енгізген болатын. Енді, міне, ғимарат түрленген, жаңарған күйінде ашылғалы тұр.

Мердігер Ерлан Кенжебаев басқаратын құрылыс ұйымы 6 ай ішінде ғимаратты қалпына келтіру жұмыстарын қарқынды жүргізді. Атап айтсақ ғимараттың төбесі ашылып, қайта жабылды, жылыту жүйесі толығымен қалпына келтірілді, электр жүйесі жүргізілді, еденге керамогранит төселді. Іші сыланып, жаңа заманға сай құрылыс материалдарымен өңделді, сырты экологиялық талаптарға сай материалдардан қапталды, есік терезелері толық айырбасталды, алдына тас төселді.

Мұндай ауқымды іс-шара Елбасы жолдауын орындау мақсатында облыстық және жергілікті атқарушы билік тарапынан іске асып жатқаны ауыл халқын қуанышқа бөледі.

Тәуелсіздік күніне тамаша тарту болған әлеуметтік маңызы бар нысан енді тұрғындарға қызмет етпек.

Осы тамаша тарту жөнінде пікірлерін білмек болып біз ауылдықтарды сөзге тарттық.

Аудандық Мәслихат депутаты Қанат Оғарбаев:

-Бұл біздің аудан үшін айтулы оқиға. Себебі бұл Мәдениет үйі 10 жылдан артық қаңырап тұрды. Егер Президенттің берген тапсырмалары жергілікті атқарушы органдармен осылайша орындалып отырса, онда, әрине, еліміз күннен күнге гүлдене түсетіні сөзсіз. Ал нақты айтсақ аудан әкімі С.Шайдаровтың қолға алуымен ауданда қаншама игі істер атқарылды. Бүгінгі шара сол көп атқарылған істердің бірі және еліміздің ең басты мерекесіне тамаша тарту - деді.

Жалмағамбетова Меруерт, ұстаз:- Бұл игі іске өте қуанып тұрмын. Себебі жастардың бос уақытын тиімді ұйымдастыру үшін енді барлық жағдай туғызылды. Көптен түйткілдегі мәселе шешуін тапты. Әрине, бұл, сөз жоқ, аудан басшыларының бастамасымен жүзеге асырылған шара. Мәдениетке деген қамқорлық.

Иә, елге адал қызмет етіп, осындай қарапайым адамдардың алғысына бөленгенге не жетсін!

Бикен АХМЕТОВА

Мәдениет

Сахнада «Қозы Көрпеш – Баян Сұлу» трагедиясы

Өнерге, мәдениетке жанашыр аудан әкімі Серік Жаманқұлұлы Шайдаровтың ауданымызға келген алғашқы күннен бастап - ақ нұралықтардың рухани байлығын көтерудері үшін барынша күш жұмсап, мәдениет мекемелерінің материалдық техникалық базасын нығайту, сахна костюмдерімен қамту, жаңа дыбыс аппаратураларымен жабдықтау, ауданға білікті кадрлар тарту мәселелері оң шешілуде. Аудан басшысының оң көзқарасының арқасында бюджет те мәдениетке қарай бет бұрған еді, сөйтіп мәдени руханиятымыздың ұлы көші қозғалды. Нәтижесінде кенже қалған мәдениетіміз бүгінгі таңда қарыштап алға басуда. Оны біз алғаш рет ауданның 80 жылдық мерейтойын атап өту барысында байқасақ, биылғы жылы спартакиаданың салтанатты ашылу кезіндегі дүйім жұртты тамсандырған театрландырылған қойылымнан да көз жеткіздік.

Келесі кезекте мәдениет саласы сахнада қойылымдар қойып, халық театры атағын алуға күш жұмылдыруда. Алғашқы қойылым Ә.Оразбековтың «Бір түп алма ағашы» аудан көрерменнің көңілінен шығып, аудан тұрғындарының есінде қалған еді.

Енді кезек классикаға да келгендей. Аудандық мәдениет мамандары аудан әкімінің арнайы шақыруымен келген өнер магистрі, Қазақстан Республикасының Мәдениет қайраткері, Мәскеудің Кіші театры жанындағы М.Щепкин атындағы жоғары оқу орнының түлегі, драма және кино актері, Т.Жүргенов атындағы Қазақ Ұлттық өнер академиясының магистрі(режиссер) Аманбек Сыздықовтың жетекшілігімен Ғабит Мүсіреповтың «Қозы Көрпеш - Баян Сұлу» трагедиясын қойды.

Рольдерді сомдаған Мақпал - мәдениет және тілдерді дамыту бөлімінің бастығы Рабиға Құтжанова, Баян - Тазагүл Пішенбаева, Қозы - Жанас Ташев, Қарабай-Жаңбырбай Жүпенов, Қодар - Амангелді Шақарбаев, Күнекей - Гүлмира Жакудина өз ролдерін беріле ойнап, көрермен көңілінен шықты. Қайыспас Қозы, сұлу да нәзік Баян, қайғы шерін кешкен Мақпал, амалы құрып баласын туған әкесінің зұлымдығынан құтқара алмай дал болған Күнекей ролдері көрерменге ой салып, толғандырып, сезімін оятып, тербеге алды.

Бұл қойылымды жүзеге асырған режиссер Аманбек Сыздықұлы, оны музыкалық шығарма әуенімен, биен, әнмен әрлеген. Қазақ халқының салт дәстүрлері, сол кездегі өмірі мен тұрмысының көріністері шынайы көрсетілген. Көрерменді шаршатып-шалдықтырмайды, қайта желпініп отырады. Сахна тамаша көркемделген. Оған да арнайы суретші маман шақырылған екен. Демей-



шілер қаражатына арнайы костюмдер мен декорациялар жасалған. Оның үстіне, бұл тәуелсіздік мерекесіне арналған тарту болды.

Спектакльге келген көрермендер саны көңіл толтырарлық. 240 орындық Мәдениет үйі лық толуы көрермен қауымының театрды сағынғанын, әрі өнерді қолдап-қолпаштайтынын аңғартты. Осындай салтанатты қойылымды аудан әкімі Серік Шайдаров басынан-аяғына шейін көз жазбай тамашалап отыруы көңілге қуаныш ұялатты. Ол қашаннан өнерді бір кісідей түсінетін, ана тілімізді аса қадірлейтін, кеудесінде ұлттық намысы басым, қазақы тәрбие алған азамат екенін нұралықтарға мәлім.

Қойылым соңында сахнаға көтерілген аудан басшысы Серік Жаманқұлұлы Шайдаров:

- Бүгінгі біздің осы сахнада тамашалап көргеніміз - қазақ әдебиетінің классигі Ғабит Мүсіреповтың салтымызды, пәктікті дәріптейтін, тәрбиелік мәні өте жоғары, махаббат дастаны «Қозы Көрпеш - Баян сұлу» трагедиясы. Бұл дастанның сахналанғанына 70 жыл болған екен.

Қазақтың сөз байлығын, салтымызды, тілімізді дәріптеген Ғабекеннің ұлағатты сөздері қазір де жоғарылай бермесе, ешбір төмендер емес.

Бұл қойылымға үлкен жауапкершілікпен қатысқан Мәдениет үйінің ұжымына алғысымды айта отырып, болашақта халық театры атағын алуға тілектеспін. Ол атақты алуға барлық мүмкіншілік бар. Бүгінгі көріністе айтарлықтай тәжірибе жиналғаны, онымен қоса ұжымның өнерге деген құштарлығы айқын байқалып отыр.

Осы ұлы махаббат трагедиясын біздің көрермендерге жеткізіп, үлкен жетістікке жетелеп, Нұра мәдениетінің дамуына үлесін қосқан қоюшы режиссер, өнер магистрі, мәдениет және өнер қайраткері, өнер жанашыры Аманбек Сыздықұлына шығармашылық табыс тілеп, барлық көрермендер атынан алғысымды білдіруге беруге рұқсат етіңіздер, деп аудан басшысы Аманбек Сыздықұлына «Алғыс хат» пен ақшалай сыйлық тапсырды.

Жалғасы 2-ші бетте

БҮР ҚЫРҒАНЫ

Желтоқсан – белгісіз ғой жастығымның, Желтоқсан – қайғысы ғой қаралының Желтоқсан – ет жүрегің елжірейтін, Келмеске қош айтысып кеткен күнің. Өтсе де содан бері жиырма жыл, Көкейде сақталады ызғарлы жел. Аңсаған бабалардың арманы бұл.

Соңғы 5 ғасыр ішінде қазақ халқы азаттық көтерілістерін басынан өткерді. Бұлардың қатарында тәуелсіздік үшін, туған жері үшін, туған тілі үшін туындаған күрестердің соңғысы ретінде тарих бетінде алтын әріптермен жазылған 1986 жылғы 16 желтоқсаны еді. Желтоқсан оқиғасының жиырма жылдығы қарсаңында мен де өз ойымды жинақтап, өткен өмірге шолу жасайын деген ниетпен, бір үзік сырымды өздеріңізге жолдап отырмын. Мен 1986 жылы Жезқазған педагогикалық институтының V-курсінде оқып жүрген болатынмын. Алматыдағы жастар көтерілісі жайлы естіп, қатты қабалжыдық. Шынында да, Дінмұхаммед Ахметұлы Қонаевты бір күнде дәлірек айтсам, Пленумның шешімімен 18 минутта ешбір халыққа жария етпей, ширек ғасыр бойы басқарып келгеніне қарамастан, орнынан босатылғаны жайында есту халықтың санасына жетерліктей емес еді. Және ол аз болғандай, басқа адам таппағандай, сонау Сібір жерінен Геннадий Колбинді сайлауы көкейге қонарлықтай емес еді...

Желтоқсанның 18 күні көшкі сағат 9-дың шамасында біздің тұратын жатақханамызға (6 мөлтекәудандағы) Алматыдан әдеміше келген бір жас бойжеткен қыз (арнайы ұшақпен ұшып келген) студенттерді ас бөлмесіне (бытовкаға) жинады. Келген жас қыз сондай өткір тілді, ойлары орамды, қазақ, орыс тілдерінде қатар сөйлейді екен. «Жастар, сендер ештеңе де білмейсіңдер. Өздеріңдей жастар Алматыда алаңға шығып, өз ойларын жоғарыдағыларға жеткіземіз деп, қанға боялып, ұсталынып, түрмелерге қамалуда. өздеріңдей жастар «қазақтың» намысын қорғап, қырғынға ұшырап жатқанда, сендердің бұлардың адамшылыққа жатпас. Сендер де өз дауымстарыңды жеткізіп, алаңға шығындар. Назарылықтарыңды білдіріңдер. Мен тек қана сендерге ғана келіп тұрғаным жоқ. Барлық жастар жатақханаларында болып хабарлап жүрмін. Алматыдан жан-жақтағы қалаларға мен сияқты жастар да көмек сұрап, көтеріліске шықсын деген ниетпен аттанды. Мен де сол тапсырмамен арнайы Жезқазғанға ұшып келдім», деді. Сол жатақханадағы жастар түні бойы қағаздар (листочкалар), плакаттар жаздық. Соның «Обращение», яғни үндеудің мәтіні сол күнгідей ойымда сайрап тұр: «Обращение! Мы, студенты Джезказганского пед. института филологического факультета хотим, чтобы во главе нашей Республики стоял человек не из Сибири, а именно из Казахстана, хотя он другой национальности...»

Соңғы курста бірге оқып жатқан курстас құрбыларым: Ақтоғайлық Манамбаева Ақмарал, Гурьевтік (Ақтаулық) Қазыбаева Клара және басқа да жастармен келісілген жоспар бойынша таңертеңгі 7-де жатақханада жиналып, тобымызбен шығып, пед.институттың ғимаратының алдына бардық. Ол жерде, яғни айналасында әжептәуір студент жастар жиналған екен. Алайда, таңертеңгі ауысымда оқытын студенттердің сабақтары басталып, институттың есігін тарс қылып жауып, ешқайсысын шығармады. Институттың ректоры Бектұров ағай сыртқа шығып: «Балаларым, қайтындар! Қателік жасайсыңдар. Алаңға бармаңдар! Қайтындар, тоқтандар!»- дегеніне қарамастан, жиналған топ тыңдамай, әрі қарай жүріп кеттік. Ректор ағай егде тартқан орта бойлы, бір аяғын сылттып басып жүретін еді. Ақсаңдай басқан ағай бізге жете алмай, соңымызда қалып бара жатты...

Желтоқсанның 19 күні аяздың өзі де бет қаратпайтын үсірік еді. Сол күнгі шеруге табиғат та өз үлесін, өз сыйын – қаһарын қосып жатқандай еді...

Келісім бойынша пединституттан шығып, УВД (управление внутренних дел) көшесімен жүріп, ескі алаңда болып, сол уақытта салынып жатқан жаңа Обком үйінің ғимаратының алдына жету еді...

«Орбита» кинотеатрының қиылысынан 79-шы мөлтекәуданнан келе жатқан жастар көрінді. (79-шы мөлтекәуданда «студент қалашығы» орналасқан. Онда Қарағанды политехникалық институтының филиалының, құрылыс техникумының, пед.институттың физмат, ЕГФ (естественно-географический факультет, ХГФ (художественно-графический факультетінің) жатақханалары орналасқан болатын). УВД-ның алдынан кең көшенің ортасымен бара жатқанда ескери киімдегі адамдар, солдаттар жолымызды бөгеді. Қолына микрофон ұстаған ескери адам: «Бұл ойларыңнан қайтындар. Тезірек тарандар, әйтпесе барлығыңа шара қолданамыз!» - деп қатаң түрде ескертті. Алға қарай ұмтылған топты жан-жақтан қоршалап, қамалай бастады. Біраз жастарды қолдарын артына қайтарып, автобустарға, машиналарға итеріп салып жатты. Жаңа ғана еш алаңсыз бейқам көле жатқан топ не болғанымызды білмей, жан-жаққа бығырай қаштық. Не болып, не қойып жатқанын айырып білу мүмкін емес. Жасымынан спортқа қатысып жүргендіктен болар, соңымнан қуғандарға жеткізбей, бір топ жастармен қашып үлгердік. Сол күнгі көрініс әлі

күнге дейін есімде. Алыстау барып, бір үйдің тасасында тұрған жастарға қосылдық. Ішіндегі бір жігіт: «Енді мұнымыздан ештеңе шықпайды, тезірек үйімізге жетіп алайық. Әйтпесе, ұстап өкетеді»,- деді. Содан жаяулап, таса-тасамен жасырына отырып, өз жатақханама келдім. Белмеге келсем, қасымдағы бірге тұратын Клара құрбым әлі келмеді. Содан Клара түстен кейін 4-тің шамасында келді. Өзі әбден жылаған. «Милиция бөлімшесіне апарып, мені суретке түзу қаратып та, қырымнан да түсірді. Жауап алды. Енді оқудан шығатын болдым», - деді. Бір-бірімізді жұбатамыз. Бірақ, не үшін, кім үшін бізді оқудан шығаратынын түсінбейміз. Сол күннен бастап оқуда да, жатақханада да тексеріс басталды. Бізді Обком комсомол жиналысына салып, комсомол қатарынан шығарамыз деді. Жиналыстан соң жиналысқа салды. «Не себепті шықтыңдар, қандай мақсатпен шықтыңдар, саналы түрде шықтыңдар ма, тағы кімдер болды?»- деген сұрақтар жаңбырша жауып, қарша борады, бойымыздағы айтатын ойымыз айта алмай, арымыз тапталып, пұшайман халге түстік. Жатақханада қатысқан құрбылар қосылып, ой бөлісеміз. Онымыздан түк шықпаған соң жылаймыз. Түк айла, амал таба алмай дал болды. Сол жатақханамыздың студсоветі Дәуренбеков Рысқали шет тілдер факультетінің 2 курсына оқудан шығарылды. Жатақхана жастарын бастап алаңға шықтың деген айып тағылды. Сондай белсенділік танытып, қоғамдық жұмыстарды атқарып жүрген біраз жастарды да оқудан шығарды. Сол кездегі әбігерге түсіп, әуре-сарсаң болған күйімізді досым түгіл қасыма да тілемеймін. Сабаққа барсақ сұрақ-жауап беру, түсініктеме жазу, жатақханаға келсек тағы да сол жағдай. Ақыры көптен күткен шешім де қабылданды. Личное делода (жеке тәлкежатымда) «тайға таңба басқандай» строгий выговор с занесением в личное дело және участница движения беспорядков студентов в Джезказгане 1986 года делінді. Оған да «тәубе», 5 жыл оқытқан әке-шешемнің еңбегін далаға жібермей, оқудан шығармағанына дедім. Сөйтіп, қолыма дипломды алып, туған ауылыма ұстаз боп келгенімде маған «декабристка» деп айтатындар да табылды. Енді міне, сол күндер артта қалып, көрген түстей болды. Сол кезде 21-де болсам, бүгінде 45 жасқа келдім. Қазір отбасым бар. Бір ұл, бір қыз сүйіп отырмын. Өзім Жараспай орта мектебінде орыс тілі пәнінен сабақ беремін. Анамыздың сүтімен бойымызға дарыған қасиетті тілімізді – Ана тілінің қазіргі күйі мені көп алаңдатады. Тәуелсіздік туын желбіреткен осы желтоқсан оқиғасының құрбандарының алдында адамгершілік арымыз оларға көрсеткен құрметіміз қайсы? Неге осы уақытқа дейін барлық құжаттар, іс-қағаздары өзге тілмен шұбарланып келеді? Мемлекеттік тіл заңын қабылдай отырып, оны заң жүзінде неге орындамаймыз? «Шындық» деп жан ұшырып, ақиқатқа жетеміз деген жастардың ісін құптап, іс жүзінде неге айғақтамаймыз? Міне, осындай сағынды сындыратын, аяғына жетпеген, орындалмаған істерді ойлап, жаның ашиды...

Желтоқсан айы жақындаған сайын 86-ның оқиғасы ойыма орала береді, жүрегім елжіреп, бір түрлі күй кешемін. Сол мұздақ алаңда жанған желтоқсан алауының бір ұшқыны жанымызды өртегендей болады. Жазықсыз жазаланғанымыз «не үшін?», «кім үшін?»- деп ойлайсың. Сонау заманның жазықтылары, «Халық жауы» атанған Сәке, Ілияс, Бейімбет, Ахмет, Міржақып, Шөкәрім, Жүсіпбек болса, осы заманның жазықтылары, желтоқсандықтар: Қайрат, Ербол, Ләззат, Сәбира т.б. кеш те болса есімдері ақталды. Тарих бетінде сол боздақтардан айрылғаннан кейін ғана олардың есімдерін ардақтап, дәріптеп жүрміз. Неге бәрін кеш түсінеміз, неге уақытында олардың қадірін білмейміз деген тағы басқа да көптеген сұрақтар жаныңды мазалайды. 1991 жылы қазақ жерінде азаттықтың таңы атты. Міне, «Тәуелсіз Мемлекет» атанғанына 20 жыл тоғалы отыр. Осы 20 жылдың ішінде қаншама нәрсеге қолымыз жетті. Осыдан 24 жыл бұрын Жезқазғанда желтоқсанның 19 күні алаңға шыққанымды жасырып, дауыстап айтуға қорқақтаған болсам, бүгінде міне, қолыма қалам алып, сырымды ақтарып отырмын. Мен сияқты қаншама сол оқиғаның куәсі болған замандастарым бар десенші. «Мен қазақ болып туғанымна қуанамын, мақтанамын!»- дегің келеді.

XXI ғасыр ұлы атанған әйгілі боксшы марқұм Бекзат Саттарханов та: «Мен үшін өлемде қазақтан күшті халық жоқ. Қазақ болып туғанымна мақтанамын!»-деп айтқан болатын.

Бүгінгі күні қазақ халқы өзінің аңсаған арманына жетті. Егеменді ел, тәуелсіз мемлекет болды. Осы тәуелсіздіктің жолында халқының ар-намысын қорғау үшін қаза болған ұл-қыздарымызды әрбір қазақ азаматының білуі парыз. Тыныштық пен береке дарыған еліміздің ертеңі, яғни келешегі барлық қазақстандықтардың қолында. Ендеше, қандай қилы да қиын, ауыр жолмен, құрбыларымыздың, замандастарымыздың қанымен, жанымен келген тәуелсіздігімізді сақтап, еліміздің одан әрі өркендеп гүлденуіне ат салысайық. Тәуелсіздің көк туы желбіреп, тұғыры биіктей берсін демекпін.

Алма ҚАБЫЛДАҚЫЗЫ, Жараспай ауылы.

Сахнада «Қозы Көрпеш – Баян Сұлу» трагедиясы

Зал толы көрерменді көрген жергілікті артистер де қанаттанып, шабыттанып, бар өнерін салып ойнады. Қойылым екі сағаттан аса уақытқа созылға да, лезде өте шыққандай әсерге бөледі. Тырп етіп, орнынан қозғалған пенде баласы болған жоқ, Керісінше, артистердің нанымды ойындарына дүркірете қол соғып, қошемет көрсетіп отырды.

Олай болса, сұлулық пен жарасымға шөліңізді қандырып, рухани күш беретін өнерді тамашалайтын көрермен көп болсын! Енді көрер-



мен пікіріне құлақ салайық: Әлия Әкімбекқызы, білім бері ісінің үздігі, зейнеткер ұстаз «Қозы Көрпеш – Баян Сұлу» аңызы – халық арасында кең тараған эпос жирының аса бір ескі түрі, оның 1500 жылдығы республикамызда кеңінен аталып өтті. «Қозы Көрпеш – Баян Сұлу» жырын артықша қадірлеген Шоқан мен Абай.

Ал бүгінгі сахналанған Ғабит Мүсіреповтың «Қозы Көрпеш – Баян Сұлу» трагедиясын студент кезімде Алматыдағы Қазақ драма театрында еліміздің ең танымал артистерінің орындауында көрген едім. Онда Қарабай ролін дарабоз актер Серке Қожамқұлов сомдаған еді. Бүгін Жаңбырбайды осы ролде көргенде алдымда сол баяғы Серке Қожамқұлов тұрғандай әсер алдым. Байлықтан көзі қарауытқан сараң, опасыз Қарабай ролі өте ұтымды шыққан.

Аудан сахнасында осындай қойылым – аудан тарихындағы ерекше оқиға. Әрине, бұның бәрі де аудан басшысы Серік Шайдаровтың мәдениетті қолдауының арқасында жүзеге асып жатыр. Бұл өнерге деген құрмет, ықылас. Біздей қарттарды шақырып, назардан тыс қалдырмай, көрсеткен құрметтеріңізге аналық ризалығымды білдіре отырып, баршаңызға табыс тілеймін.

Одан соң сахнаға көтерілген ардагер ұстаздар Әдиша Көнекбайқызы, Мейірхан Айтжанов сынды ел ағаларының жылы лебіздері ризалық пен алғысқа ұйысты.

Сөйтіп, нұралықтар аз уақытта айналаны сиқырлы сәулеге бөлейтін ғажайып өнер ықыласына бөленіп, зор ләззат алғаны даусыз.

Бикен АХМЕТОВА

Суретте: спектакльден көріністер

Халықтық театрдың қарлығаштары болғай

Адам жүрегің елжіретер құдыреті тек әдебиет пен өнерде ғана бар. Ш.Мұртаза.

Біз, Киевқа тұрғындары, ауданымыздың мәдени өміріндегі тағы да бір жаңалыққа куә болдық. Өнер магистрі, мәдениет және өнер қайраткері Аманбек Сыздықұлының қоюымен сахналанған «Қозы Көрпеш-Баян сұлу» трагедиясын көріп, тамашаладық.

Аса көрнекті көркем сөз зергері Ғабит Мүсіреповтің драматургия жанрын биік белеске көтерген туындыларының бірі осы «Қозы Көрпеш-Баян сұлу». Эпостық жыр негізінде жазылған классикалық шығарма. Мұндай шығарманың кейіпкерлерінің образдарын сомдау, імүсіндеу оңай болмағандығын қоюшы режиссердің сөзінен аңғардылық. Осы күнгі қойылым, әрине, өте көп тынымсыз еңбектің жемісі екені түсінікті. Сәтті шықты. Декорация, киім, рольдерді орындаушылардың сахнадағы қимыл, іс-әрекеттері үйлесімді, көңілге қонымды, әсерлі болды. Қыр-сахарда біріне-бірі ғашық болған екі жастың шынайы махаббатына сүйсініп, Қарабайдай сараң байдың қатыгездігінен, қара күш, Қодардың жауыздығынан, Жантықтың екі жүзділігінен жиіркеніп дегендей, әр түрлі сезімге беріліп, қызығып, тыңдадық. Жақсы демалдық. Қоюшы режиссерге, өнерпаздарымызға рахметіміз шексіз.

Аудан әкімі Серік Жаманқұлұлы Шайдаров кейінгі жылдары өткізіліп жатқан мәдени шаралар халықтық театр құру жолындағы алғашқы қадам болсын деген игі тілегін білдірді.

Біздің Мәдениет үйінің қызметкерлеріне, өнерпаздарымызға халықтық театрдың алғашқы қарлығаштары болғайсыздар демекпін. Өз рольдерін өте жақсы орындап, көрермендер көңілінен шыққан Жүпенов Жаңбырбай, Амангелді Шахарбаев, Жантық ролін, Қозыролін орындаушы әуесқой актерлерімізді ерекше атап өткен жөн болар. Ал, менің ойымша, Баянның, екі ананың сезім түйсігіндегі ұшқырлық, жігерлік, нәзіктік, мұңды көрсету көмескілеу шықты. Осы рольдерді орындаушылардың сөздерінің дыбысталуы төмендеуі анық емес болды. Сынады деп сөкпеніздер: «сын – айыптау емес, «байыптау» деген даналық сөз бар. «Көш жүре түзеледі» деп те айтып жатпады.

Әрбір адамның әсемдікті сезіне білуі тек рухани қатынас үшін ғана емес, жемісті еңбек ету үшін де қажет екенін түсінейік. Адам қай сағалада жұмыс жасаса да, ол – физик, математик немесе химик болсын, әсемдік пен сұлулықты көре білуі керек. Суретшінің қиыстыруындағы сәтті табылған тұтастай түстік үйлесім сияқты, математика маңманына да сәтті шығарылған математикалық шешімнің өзіндік сұлулығы эстетикалық қанағаттану сезімі мен ләззаттануды туғызады. Жастарымыздың ішкі дүние сезімін қалыптастыруда, әсемдікке үйретуде театр өнерінің мүмкіндіктері зор.

Театр жасай берсін! Театр өнеріне үйренушілер қатары көбейсін.

Нұрғайша Жағанқызы Усабаева, ҚазССРінің еңбек сіңірген мұғалімі

**НҰРА АУДАНЫ ӘКІМДІГІНІҢ
ҚАУЛЫСЫ**

2010 жылғы 26 қарашадағы № 25/01

Қарағанды облысы Әділет Департаментінің
Нұра аудандық Әділет басқармасында
2010 жылдың 8 желтоқсанында тіркелінген,
мемлекеттік тіркеу № 8-14-132

Аудан әкімдігінің 2010 жылғы
25 ақпандағы «2010 жылы ақылы
қоғамдық жұмыстарды ұйымдастыру туралы»
№ 04/04 қаулысына өзгеріс енгізу туралы

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Заңына, Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы «Халықты жұмыспен қамту туралы» Заңына, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 19 маусымдағы «Халықты жұмыспен қамту туралы» Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңын іске асыру жөніндегі шаралар туралы» № 836 қаулысымен бекітілген қоғамдық жұмыстарды ұйымдастыру мен қаржыландырудың ережесіне сәйкес және қосымша қаражаттың бөлінуіне байланысты аудан әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Аудан әкімдігінің 2010 жылғы 25 ақпандағы «2010 жылы ақылы қоғамдық жұмыстарды ұйымдастыру туралы» № 04/04 қаулысына (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеудің тізіліміне № 8-14-114 болып тіркелген, 2010 жылғы 20 наурыздағы № 12 аудандық «Нұра» газетінде жарияланған) келесі өзгеріс енгізілсін: осы қаулының қосымшасына сәйкес, көрсетілген қаулының қосымшасы жаңа редакцияда жазылсын.

2. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің орынбасары Зара Ахметжанқызы Даутоваға жүктелсін.

3. Осы қаулы ресми жарияланған күннен бастап қолданысқа енгізіледі.

Аудан әкімі

С. Шайдаров

КЕЛІСІЛДІ

Нұра ауданының қорғаныс істер жөніндегі
бөлімінің бастығы
Қ.Ш. Жолболдин _____
26.11.2010 жыл

Нұра ауданы бойынша
қылмыстық – атқару инспекциясының
бастығы
А.В. Цой _____
26.11.2010 жыл

Нұра ауданы бойынша салық
басқармасының бастығы
Т.Ш. Кулмагамбетов _____
26.11.2010 жыл

За строкой Послания

ВСЕ НА БЛАГО ЧЕЛОВЕКА



НОВОЕ ДЕСЯТИЛЕТИЕ –
НОВЫЙ ЭКОНОМИЧЕСКИЙ ПОДЪЕМ
НОВЫЕ ВОЗМОЖНОСТИ КАЗАХСТАНА

Выступая на открытии четвертой сессии палат Парламента четвертого созыва первого сентября, Президент Республики Казахстан Нурсултан Назарбаев отметил, что

каждые город и аул, улица и двор в юбилейный 2011 год – год двадцатилетия Независимости нашей страны - должны стать чище, красивее и удобнее для жизни, работы и отдыха.


В конце октября в поселке Киевка были завершены работы по реконструкции тротуара по улице Кунаева.

Согласно Меморандуму между акимом Карагандинской области и Евразийской корпорацией природных ресурсов на эти цели было выделено 6,5 млн. тенге спонсорских средств. Заказчиком выступило КГП «Карагал» акимата Нуринаского района, подрядчиком – индивидуальный предприниматель Гнидин Евгений Павлович. Начаты работы были в сентябре.

Реконструкция тротуара включала следующие виды работ: устройство покрытия из брусчатки по готовому подстилающему слою с заполнением швов песком – 960 квадратных метров, установка поребрика – 1600 погонных метров, укладка многожильного провода в металлические рукава и укладка в грунт – 850 метров, установка и монтаж торшеров освещения – 28 штук.

На объекте работало 10 человек, из них 6 – специалисты подрядчика.

И. Пронин,
аким п. Киевка



За здоровый образ жизни!

Школьная спартакиада

В последней декаде октября в СШ им. К.Мынбаева прошли внутри школьные соревнования по программе спартакиады школьников по шахматам, настольному теннису и тоғыз кумалаку среди средних и старших классов.

Среди юношей по шахматам в игре состязались 9 участников, где 1 место занял ученик 9 каз. класса Арман Рахматуллин, на 2-м месте Есенов Нурсултан (11 каз. кл.) и тройку призеров замкнул Мадалибек Джайшибеков (11 каз. кл.).

У девочек играли всего шесть шахматисток, где лучший результат показала 8-классница Есен Анара. На 2-м месте Айгерим Мукушева (9каз.кл.) и на 3-м – ученица 7-го каз. кл. Тулеубаева Марзия.

Восемь юношей приняли участие в соревнованиях по тоғыз кумалаку, где в тройку призеров вошли: Есенов Нурсултан (1 место), Оразалин Мукатай (11 каз.кл., 2 место) и Байжанов Фархат (9каз. кл., 3 место). У девушек соответственно лучшими были признаны Есен Анара, Махмутқызы Гулим (11 каз. кл.) и Куаныш Айжан (9 каз. кл.)

По настольному теннису среди юношей 1 место также занял Есенов Нурсултан, на 2-м месте Байжанов Фархат и последним в тройке призеров оказался Инаят Бауыржан (8каз.кл.). Среди девушек не было равной выпускнице Байжановой Наргизе. Второе место заняла Есен Анара.

Все участники, занявшие призовые места были награждены грамотами дирекции школы.

С.Есенов,
заместитель по спортивной работе ДЮСШ

**ПОСТАНОВЛЕНИЕ
АКИМАТА НУРИНСКОГО РАЙОНА**

от 26 ноября 2010 года № 25/01

Зарегистрировано в Управлении юстиции
Нуринаского района Департамента Юстиции
Карагандинской области 8 декабря 2010 года,
государственной регистрации 8-14-132

О внесении изменения в постановление
акимата района от 25 февраля 2010 года № 04/04
«Об организации оплачиваемых
общественных работ на 2010 год»

В соответствии с Законом Республики Казахстан от 23 января 2001 года «О местном государственном управлении и самоуправлении в Республике Казахстан», Законом Республики Казахстан от 23 января 2001 года «О занятости населения», Правилами организации и финансирования общественных работ, утвержденными постановлением Правительства Республики Казахстан от 19 июня 2001 года № 836 «О мерах по реализации Закона Республики Казахстан от 23 января 2001 года «О занятости населения» и в связи с выделением дополнительных денежных средств акимат района **ПОСТАНОВЛЯЕТ:**

1. Внести в постановление акимата района от 25 февраля 2010 года № 04/04 «Об организации оплачиваемых общественных работ на 2010 год» (зарегистрировано в Реестре государственной регистрации нормативных правовых актов за № 8-14-114, опубликовано в районной газете «Нура» от 20 марта 2010 года № 12) следующее изменение:

приложение к указанному постановлению изложить в новой редакции, согласно приложения к настоящему постановлению.

2. Контроль за исполнением настоящего постановления возложить на заместителя акима района Даутову Зару Ахметжановну.

3. Настоящее постановление вводится в действие со дня официального опубликования.

Аким района

С. Шайдаров

СОГЛАСОВАНО
Начальник отдела по делам обороны
Нуринаского района
К.Ш. Жолболдин _____
26.11.2010 год
Начальник Налогового управления
по Нуринаскому району
Т.Ш. Кулмагамбетов _____ 26.11.2010 год

Начальник уголовно-исполнительной инспекции по Нуринаскому району
А.В. Цой _____
26.11.2010 год

Санэпиднадзор консультирует

ЧТО ТАКОЕ ВАКЦИНАЦИЯ И ДЛЯ ЧЕГО ОНА НУЖНА

Что такое прививки, знают практически все современные родители, но не секрет, что у многих из них, перед тем, как привить ребенка, возникают сомнения. И это не удивительно, ведь сейчас мало кто встречался с теми инфекциями, от которых мы защищаем прививками.

Это лет 30-40 тому назад родителям не надо было объяснять, чем страшна корь или дифтерия и коклюшный кашель был слышен в любом дворе. Страх перед полиомиелитом был связан с его последствиями, когда утром ребенок не мог подняться на ноги из-за внезапно развившегося паралича.

Благополучие наших детей- это отсутствие угрозы этих инфекций, достигнуто исключительно благодаря широкому проведению профилактических прививок.

Каждая страна имеет свой утвержденный Календарь прививок и перечень инфекционных заболеваний, против которых прививается население. Казахстан также имеет свой утвержденный постановлением Правительства Календарь прививок. Календарь прививок может подвергаться изменениям, дополнениям, в связи с эпидемиологической ситуацией и возникшей необходимостью.

Родители должны знать, что первые прививки ребенок получает в родильном доме против гепатита В и туберкулеза. Прививки проводятся в прививочном кабинете родильного отделения в присутствии мамы. Если мама по состоянию здоровья не может присутствовать во время прививки ее ребенка, то это проводит медицинский сотрудник с письменного согласия мамы. Предварительно ребенок осматривается врачом.

За реакцией ребенка на введение вакцины ежедневно наблюдает педиатр родильного отделения. Перед выпиской из роддома маме вручается Прививочный паспорт единого образца, с внесенными в него прививками, полученными в род.доме, и обучают какие прививки в дальнейшем будет получать ребенок по месту своего проживания.

В Республике Казахстан все прививки, предусмотренные Национальным календарем профилактических прививок, проводятся бесплатно и только в медицинских организациях специально подготовленными медицинскими работниками! Перед введением любой прививки врач или фельдшер осматривает ребенка, изме-

ряет температуру, подробно расспрашивает маму о имеющихся жалобах, как ребенок перенес предыдущую прививку, чтобы не пропустить состояния, которые могут являться временными противопоказаниями к вакцинации, а также наличие тех процессов, которые являются причиной постоянного противопоказания. Если никаких проблем нет, врач записывает в карточку ребенка свое заключение, что ребенок здоров и разрешается прививка. Маме врач объясняет, против какой инфекции ребенок прививается, какие возможны будут реакции на вакцинацию и что должна делать при этом мама. На введение любой вакцины организм ребенка отвечает небольшими быстро проходящими реакциями, так как в этот период вырабатываются защитные силы организма, которые в последствии защищают ребенка от данной инфекции.

Необходимо вести учет профилактических прививок своего ребенка. Для этого носите Прививочный паспорт с собой каждый раз, когда идете на прививку. Когда ваш ребенок получает профилактическую прививку, удостоверьтесь, чтобы записи о полученных прививках были занесены в Прививочный паспорт.

Уважаемые родители! Помните! Ежегодно от инфекций, которые можно предупредить при помощи вакцинации, умирают и становятся инвалидами сотни тысяч людей. Вакцинация самый надежный способ защиты детей и всего населения от целого ряда инфекций, таких как полиомиелит, корь, дифтерия, столбняк, коклюш, тяжелые формы туберкулеза, гепатит В, краснуха, эпидемический паротит, «геморрагическая инфекция». При помощи вакцинации можно значительно сократить число случаев заболеваний и смертей от многих инфекционных заболеваний, а некоторые полностью ликвидировать. Здоровье Вашего ребенка в Ваших руках. Помогите Вашему ребенку своевременно получить прививку, и вырасти здоровым гражданином нашей страны.

Напоминание родителям: родителям также необходимы профилактические прививки. Позвонив по телефонам 22-2-65, 22-6-78, Вы можете узнать, когда и какие профилактические прививки Вам и Вашему ребенку необходимо получить.

С.Белякова,
ведущий специалист
УГСЭН по Нуринаскому району

Приложение
к постановлению акимата района № 25/01 от «26» ноября 2010 года
Приложение
к постановлению акимата района № 04/04 от «25» февраля 2010 года

Перечень предприятий, организаций, учреждений Нуринаского района, организующих общественные работы на 2010 год, виды и объемы работ

№	Наименование сел и поселков	Наименование организаций, предприятий и учреждений	Виды общественных работ	Количество участников общественных работ	Продолжительность общественных работ (месяц)	Сумма оплаты труда (тенге)	Общая сумма (тенге)
1	поселок Киевка	Налоговое управление по Нуринаскому району	помощь в разноске извещений и корреспонденции, и подшивка документов	2	3	89712	89712
